

« 09 » 03 2022 ж.
№ 30 бұйрыққа
1-қосымша

Қалалық «Abai's creation» қалалық шығармашылық байқауын ұйымдастыру және өткізу

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1 Ереже «Abai's creation» байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды, Байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2 Ұйымдастырушы: «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы «№ 78 мектеп – гимназиясы» КММ

1.3 Қатысушылар: қалалық шығармашылық байқауы шетел тілі (ағылшын, неміс, француз) пәні педагогтері үшін Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығының жоспарына сай өткізіледі.

II. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

2.1 Мақсаты: білім үдерісінде жаңартылған білім беру жүйесінің мазмұнын жүзеге асыру жағдайында Нұр-Сұлтан қаласының педагогтерінің шығармашылық белсенділігін дамытуға жағдай жасау.

2.2 Байқаудың міндеттері:

1. Абай шығармашылығын шетел тілі педагогтері арасында дәріптеу;
2. Шетел тілінде сабақ беретін (ағылшын, неміс, француз) пән педагогтерінің іс-тәжірибесін айқындау;
3. Нұр-Сұлтан қаласы педагогтерінің тәжірибелерін таратуда ашық алаңын құру.

III. Байқауды өткізу, ұйымдастыру және қортындылау

3.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін Сараптамалық және Қалалық комиссия құрамы құрылады.

3.2 Байқауға қала мектептерінің шетел тілі пәні (ағылшын, неміс, француз) педагогтері (еңбек өтілі, біліктілік санаты ескерілмейді) қатыса алады.

3.3 Байқаудың өту мерзімі: **22 сәуір 2022 жыл**

3.4 Байқау 1 кезеңнен өтеді: пән педагогтері оқылатын немесе айтылатын жұмысының электронды нұсқасын word-документ түрінде және

презентациясының электрондық түп нұсқасын және қатысу өтінімін (1-қосымшаға сәйкес), **10 сәуірге (2022 жыл)** дейін abais_creation2022@mail.ru почтасына жіберу сұралады.

Қалалық комиссия Байқау Ережесіне сәйкес 2022 жылдың 10 сәуіріне дейін келіп түскен қатысушының жұмысын қабылдайды.

3.5 Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.6 Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

IV. Байқаудың талаптары

4.1 Қатысушы педагог Абай шығармаларын шетел тілі (ағылшын, неміс, француз) тілдерінде дәріптеуі қажет

4.2 Байқауға ұсынылатын материалдар:

- Абайдың шығармашылығына арнап шетел тілінде өлең жолдарын шығарып, авторлық өлеңін оқу (3 шумақтан кем емес);

- Абайдың 45 қара сөздерінің бірін шетел тілінде нақышына келтіріп, мәнерлеп орындау.

V. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес анықталады.

Байқау қортындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер Білім беруді жаңғырту орталығының I, II, III дәрежелі дипломдар және сертификаттарымен марапатталады.

Байқау қортындысы **2022 жылғы 30 сәуір күні** <http://astana-modern.kz> сайтында қосымша жарияланады.

«Abai's creation»

қалалық шығармашылық байқауына қатысуға

ӨТІНІМ

Қатысушының толық аты-жөні	
Білім ұйымының толық атауы	
Лауазымы	
Оқытатын пәні	
Жұмыс өтілі	
Біліктілік санаты	
Шығарманың атауы	
Электрондық поштасы	
Желілік байланыс нөмірі	

Заявка

на участие в городском конкурсе «Abai's creation»

Полное имя участника	
Полное наименование организации образования	
Должность	
Преподаваемый предмет	
Стаж работы	
Категория	
Название работы	
Электронная почта	
Номер сотового телефона	